

УДК 347.1

Ж.Ж. Талипова, заң ғылымдарының магистрі
Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ., Қазақстан Республикасы)
E-mail: zhanik0108@mail.ru

Азаматтық заңдардың қолданылуы

***Аңдатпа.** Мақалада азаматтық заң ұғымы, оның ҚР жерінде қолданылуы қарастырылған. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының бүкіл территория бойынша қолданылуы, сонымен қатар заңнамада белгілі бір құқықтық қатынас туындаған жағдайда ол тікелей заңда көрсетілмеген жағдайда заң ұқсастығының қолданылуы қарастырылған. Сонымен қатар отандық заңнамада азаматтық заңнаманың негізгі бастаулары мен қолданыстағы азаматтық заңнаманың кеңістікте қолданылуына көңіл бөлінген.*

***Түйін сөздер:** азаматтық заңнама, азаматтық заңдардың уақытқа қарай қолданылуы, азаматтық заңдардың ұқсастығына қарай қолданылуы*

Құқық пен заңнама құрылым бойынша ерекшеленеді. Құқық нормаларын топтастыру тек бір негіз қалаушы заңға – Азаматтық кодекске сүйенетіндіктен және барлық нормалар үшін бірыңғай объективті белгісі реттеудің мәні мен әдісі бойынша құрылатындықтан, құқық саласы ретінде азаматтық құқық аталған белгілер бойынша біртектес нормаларды ғана қамтиды.

Заңнама заңнама актілерін қабылдау мақсаттарын, оларды қолдану міндеттері мен шарттарын ескере отырып субъективті түрде қалыптастырылады. Сондықтан нақты заңнамалық немесе өзге де нормативтік құқықтық акт азаматтық, әкімшілік, іс жүргізу және өзге де құқық салаларының нормаларын қамтуы мүмкін, яғни кешенді сипатта болуы мүмкін.

Заңнама актілерін неғұрлым тиімді зерделеу мен қолдану мақсатын көздейтін кешенді топтастыру да мүмкін. Сондықтан заңнаманың қандай да бір актісін пайдалану кезінде қандай құқықтық салаға қандай да бір заңнамалық құжаттағы қандай да бір норма жататынын дұрыс анықтау қажет.

Азаматтық заңнаманың біртұтастығы ведомстволық органдардың ең жоғары деңгейдегі нормативтік актілері субъектінің азаматтық-құқықтық жағдайын заңнама актілерінде белгіленген немесе ұйғарылған шектерде ғана анықтай алады.

Заң актілері, заңдар және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бір-бірінен ажырату маңызды тәжірибелік мәнге ие, өйткені қандай нормативтік актілер қандай да бір құқықтарды немесе міндеттерді белгілеуге құзыретті екенін тікелей көрсетуге мүмкіндік береді [1].

ҚР Конституциясына сәйкес заң актілерімен реттелуі мүмкін қоғамдық қатынастар шеңберін шектейді. Бұл шеңбер азаматтар мен заңды тұлғалардың құқық субъектілігін, азаматтық құқықтар мен бостандықтарды, азаматтар мен заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігін, меншік және өзге де заттық құқықтар тәртібін, кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруді, мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және т.б. қамтиды. Барлық өзге қатынастар заңға тәуелді актілермен реттелуі тиіс. Бұл конституциялық ережелер азаматтық заңнамаға да сөзсіз қолданылады [2].

Азаматтық заңнаманың нормалары императивті және диспозитивті болуы мүмкін. Біріншісі тараптардың келісімімен өзгертілмейтін міндетті тәртіпте қолданылады. Мысалы, ҚР азаматтық кодексінің 178-бабына сәйкес «Талап қоюдың жалпы мерзімі үш жыл болып белгіленеді». Бұл-императивтік талап және тараптар шартта талап қою мерзімінің өзге ұзақтылығын көздеуге құқылы емес. Егер олар мұны жасаса, онда дау болған жағдайда үш жылдық талап қою мерзімі қолданылады.

Азаматтық заңнаманың диспозитивтік нормалары құқықтық қатынастарға қатысушылардың келісімімен оларда көзделген ережелерді өзгерту мүмкіндігіне жол береді. Құқықтық нормалардың диспозитивтік сипаты азаматтық шарттың еркіндік принципінен көрініс табады.

Азаматтық заңнама актілерінің ішінде ең елеулі акт ретінде – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін бөліп көрсету қажет.

ҚР АҚ жалпы бөлімі 1995 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді. Азаматтық кодекс азаматтық-құқықтық реттеу пәнінің құрамына кіретін қоғамдық қатынастардың барлық салаларында-жалпы ережелер бөлігінде де, жекелеген институттардың ерекшеліктері бөлігінде де барлық маңызды азаматтық-құқықтық нормаларды қамтиды және жүйелейді. Бұл азаматтық құқықты бірыңғай, ішкі келісілген құқықтық сала ретінде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, азаматтық кодекстен басқа заңнамалық актілердегі азаматтық-құқықтық нормалар оған қайшы келмеуін талап етеді, бұл туралы АҚ 3-бабының 2-тармағында тікелей айтады [1].

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы барлық тауар-ақша қатынастарын, сонымен қатар қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүлктік және мүлктік емес жеке қатынастарды реттейді. Осы қатынастардың қатысушылары – азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөліністер болып табылады.

Отбасылық, еңбек қатынастарына және табиғи ресурстарды пайдалану және айналадағы ортаны қорғау жөніндегі қатынастарға азаматтық заңдар бұл қатынастар тиісті арнаулы заң актілерімен

реттелмеген жағдайларда ғана қолданылады. Сонымен қатар заң құжаттарында көзделген реттерді қоспағанда, бір тараптың екіншісіне әкімшілік немесе өзге де билік жағынан бағынуына негізделген мүліктік қатынастарға, соның ішінде салық жөніндегі және басқа бюджеттік қатынастарға азаматтық заңдар қолданылмайды [3].

Аталған баптың екінші тармағы көрсетілген жағдайларда заңның ұқсастығын пайдалану мүмкін болмаған жағдайда тараптардың құқықтары мен міндеттері азаматтық заңнаманың жалпы негіздері мен мәні және адалдық, парасаттылық және әділдік талаптарын негізге ала отырып айқындалады деп көзделген. Заң терминологиясында бұл жағдай «құқық ұқсастығы» деп аталады.

Азаматтық заңнаманы ұқсастығы бойынша қолдану. Заң шығарушы өмірдің барлық жағдайларына құқықтық нормаларды қарастыра алмайды. Тиісті азаматтық заң қабылданған кезде орын алмаған немесе мұндай заң қабылданған кезде заң шығарушы ескермеген мүліктік-құндық және жеке мүліктік емес қатынастар жиі туындайды. Алайда алдағы уақытта олқылық жойылғанға дейін тиісті қоғамдық қатынастар реттелмеген болып қала алмайды. Сондықтан құжат АҚ Азаматтық құқық мәніне кіретін қоғамдық қатынастар заңнамамен немесе тараптардың келісімімен реттелмеген және оларға іскерлік айналым әдет-ғұрыптары қолданылмаған жағдайларда, мұндай қатынастарға олардың мәніне қайшы келмейтіндіктен, ұқсас қатынастарды реттейтін азаматтық заңнама (заң ұқсастығы) қолданылады деп белгілейді.

Әрине, бірде-бір заңнамалық акт, соның ішінде ҚР азаматтық кодексі қатысушылар арасында туындайтын барлық азаматтық-құқықтық қатынастардың тізбесін өзіне енгізе алмайды. Сондықтан азаматтық заңнамада азаматтық заңдардың уақытқа қарай, ұқсастығына қарай қоланылуы көзделген. ҚР азаматтық кодексінің 4-бабы азаматтық заңдардың уақытқа қарай қолданылуы қарастырылған. Азаматтық заңның кері күші болмайды, сондықтан заң тек күшіне енгізілгеннен кейін пайда болған тауар-ақша, мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарға қолданылады. Дегенмен, жоғарыда аталған қатынастар азаматтық заң заңдық күшіне енгізілгенге дейін пайда болса, онда ол заңда тікелей көзделген реттерде қолданылуы мүмкін. Ол өзі күшіне енгізілгеннен кейін пайда болған құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

Азаматтық заңнаманың уақыт бойынша қолданылуы келесілерге негізделеді:

1. Азаматтық заң құжаттарының кері күші болмайды және өздері күшіне енгізілгеннен кейін пайда болған қатынастарға қолданылады. Азаматтық заң құжаттарының заңдық күші өздері күшіне енгізілгенге дейін пайда болған қатынастарға бұл оларда тікелей көзделген реттерде қолданылады.

2. Азаматтық заң құжаттары күшіне енгізілгенге дейін пайда болған қатынастар бойынша ол өзі күшіне енгізілгеннен кейін пайда болған құқықтар мен міндеттерге қолданылады. Азаматтық заң құжаттары күшіне енгізілгенге дейін жасалған шарт бойынша тараптардың қатынастары осы Кодекстің 383-бабына сәйкес реттеледі [3].

Қазақстандық азаматтық заңнаманың кеңістіктегі іс-әрекетіне келетін болсақ, онда бұл жерде бір бастапқы ереже қолданылады: бұл заңнама халықаралық шарттарға немесе жалпы қабылданған халықаралық әдет-ғұрыптарға байланысты мемлекет аумағына жататын алаңдарды қоса алғанда, ҚР бүкіл аумағында қолданылады.

Бұл аумақта Қазақстан заңдары Конституцияның 12-бабының 4-тармағына және АҚ 3-бабының 7-тармағына сәйкес тең дәрежеде Қазақстан азаматтарына, қазақстандық заңды тұлғаларға, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік азаматтар мен шетелдік заңды тұлғаларға қолданылады.

Бірақ бір жағынан қазақстандық, екінші жағынан шетелдік құқық субъектілері қатысушы болып табылатын қатынастар үшін «қолданылатын құқық» мәселесі ретінде терминологиялық тұрғыдан белгіленуі мүмкін. Егер әр түрлі мемлекеттердің субъектілері қатысатын құқықтық қатынастарда даулы жағдай туындаса, ал осы қатынастар әр түрлі мемлекеттердің заңнамасымен бірдей реттелсе, оның шешімі қай мемлекеттің құқығы қолданылуға тиіс екенін анықтауға негізделеді.

Қолданылатын құқық тікелей заңмен немесе шартпен анықталады. Заңмен қолданылатын құқық, әдетте, шарттан тыс құқықтық қатынастар үшін көзделеді. Халықаралық жеке құқық нормалары, мысалы, шетелдік азаматтың әрекет қабілеттілігі өзі азаматы болып табылатын елдің құқығы бойынша, ал шетелдік заңды тұлғалардың әрекет қабілеттілігі — заңды тұлға құрылған елдің құқығы бойынша айқындалады деп көздейді. Мүлікке меншік құқығы мүлік орналасқан елдің құқығы бойынша, ал мемлекеттік тізілімге енгізілуге жататын көлік құралдарына меншік құқығы — көлік құралы тізілімге енгізілген елдің құқығы бойынша айқындалады [1].

Сонымен заң ұқсастығы төменде көрсетілген жағдайлар болған кезде жол беріледі:

1) дау туындаған қатынастар тікелей құқық нормаларымен немесе тараптар арасындағы шартпен реттелмесе;

2) ұқсас қатынастарды реттейтін заңнамалық актосыған ұқсас даулы жағдайға қолданылуы мүмкін.

Құқық ұқсастығы осы құқық саласының нормаларымен реттелмеген құқықтық қатынастарға заң ұқсастығын, тиісті құқық саласын құқықтық реттеудің жалпы негіздері мен қағидаларын қолдану мүмкін болмаған кезде қолданылады. Заңның ұқсастығы мен құқықтың ұқсастығы тек азаматтық құқықта ғана қолданылатынын және құқықтың қылмыстық және әкімшілік салаларында қолданылмайтынын да есте сақтаған жөн. Екі жағдайда да ұқсастықты қолдануға, егер мұндай олқылықтар заңды түсіндіру жолымен

де, іскерлік әдет-ғұрыптармен де толықтырылмаса, заң оққылықтарын толықтырудың соңғы шарасы ретінде ғана жол беріледі.

Азаматтық заңнаманың негізгі бастаулары, ҚР АҚ 2-бабында көрсетілгендей, мынадай ережелерді қамтиды:

1. Азаматтық заңдар өздері реттейтін қатынастарға қатысушылардың теңдігін, меншікке қол сұқпаушылықты, шарт еркіндігін, жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығын, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін, оларды соттың қорғауын қамтамасыз ету қажеттігін тануға негізделеді.

2. Азаматтар мен заңды тұлғалар өздерінің азаматтық құқықтарына өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып ие болады және оларды жүзеге асырады, сондай-ақ егер заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, құқықтарынан бас тартады. Олар шарт негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауда және оның заңнамаға қайшы келмейтін кез келген талаптарын белгілеуде ерікті.

3. Тауарлар, қызмет және ақша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында емін-еркін орын ауыстырып және айналысқа түсіп отырады. Егер қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, табиғат пен мәдени қазыналарды сақтау үшін қажет болса, заң құжаттарына сәйкес тауарлар мен қызметтің орын ауыстыруына шектеулер енгізіледі.

Азаматтық заңнаманың жоғарыда аталған негізгі бастауларының мазмұны құқық ұқсастығын қолдану үшін құқықтық негіз болады, бірақ іс жүзінде бірнеше абстрактылы қабылданады [4].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Азаматтық заңнаманың түсінігі [Электрондық ресурс] / «Baribar» ЖШС. – Кіру режимі: <https://baribar.kz/student/23250/ponyatie-grazhdanskogo-zakonodatelstva>

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды

3 Қазақстан республикасының азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ.

4 Заң ұқсастығы, құқық ұқсастығы және шарттық қатынастар [Электрондық ресурс] – zakon.kz. Кіру режимі: <https://www.zakon.kz/78514-analogija-zakona-analogija-prava-i.html>

REFERENCES

1 Azamattyq zańnamanyń túsinigi [Elektronдық resýrs] / «Baribar» JSHS. – Kırý rejimi: <https://baribar.kz/student/23250/ponyatie-grazhdanskogo-zakonodatelstva>

2 Qazaqstan Respýblikasynyń Konstıtýsiasy. Konstıtýsia 1995 jyly 30 тамызда respýblikalyq referendumda qabyldandy

3 Qazaqstan respýblikasynyń azamattyq kodeksi. Qazaqstan Respýblikasynyń Kodeksi 1994 jylǵy 27 jeltoqsandaǵy № 268-III.

4 Zań uqsastyǵy, quyq uqsastyǵy jáne sharttyq qatynastar [Elektronдық resýrs] – zakon.kz. Kırý rejimi: <https://www.zakon.kz/78514-analogija-zakona-analogija-prava-i.h>

РЕЗЮМЕ

Ж.Ж. Талипова, магистр юридических наук
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар, Республика Казахстан)

Применение гражданского законодательства

В статье рассматривается понятие гражданского закона, его применение на территории РК. Применение гражданского законодательства по всей территории Республики Казахстан, применение гражданского законодательства по аналогии в случае, если иное не предусмотрено законом. Внимание уделено основным источникам гражданского законодательства и применению действующего гражданского законодательства в пространстве.

Ключевые слова: гражданское законодательство, действие гражданского законодательства во времени, применение гражданского законодательства по аналогии.

RESUME

Zh.Zh. Talipova, master of law
Innovative University of Eurasia (Pavlodar, the Republic of Kazakhstan)

Application of civil law

The article discusses the concept of civil law, its application in the territory of the Republic of Kazakhstan. The application of civil legislation throughout the territory of the Republic of Kazakhstan, the application of civil legislation by analogy, unless otherwise provided by law. Attention is paid to the main sources of civil law and the application of existing civil law in the space

Key words: *civil legislation, action of civil law through time, application of civil law by analogy.*